

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Акилтаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Э.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С. Н. НҰРҚАСЫМОВА¹ , Л. А. ТОЛЕКЕНОВА² , Г. НҰРЛАНҚЫЗЫ³ 

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.), email:
SauleNurkasim@mail.ru

²«Физика педагогтерін даярлау» БББ 1 курс докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.), email:
tolekenovalaura@gmail.com

³«Физика педагогтерін даярлау» БББ 2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.), email:
g.nurlanova03@mail.ru

Андапта. Бұл мақалада білім алушылардың физикалық есептерді шығару біліктерін қалыптастырудың теориялық, психологиялық және әдістемелік негіздері кешенді түрде қарастырылады. Сондай-ақ білім алушылардың жеке ерекшеліктері, дайындық деңгейі мен танымдық қабілеттерін ескере отырып құрастырылған сараланған тапсырмалар жүйесінің физикалық есептерді шешу тиімділігіне әсері анықталады. Эксперимент нәтижелері сараланған тапсырмалар жүйесін жүйелі қолдану білім алушылардың есеп шығару дағдыларын, логикалық ойлауын, пәнге деген қызығушылығын және оқу жетістіктерін арттыратынын көрсетті.

Мақалада физикалық есеп ұғымының ғылыми-дидактикалық мәні ашылып, оның оқыту процесіндегі танымдық, дамытушылық, тәрбиелік және бақылау қызметтері негізделеді. Физикалық есептерді мазмұнына, мақсатына, орындау тәсіліне және күрделілік деңгейіне қарай жіктеу ұсынылып, олардың оқушылардың пәндік құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлі сипатталады.

Мақалада есеп шығару үдерісін жетілдірудің тиімді жолдары ретінде алгоритмдік тәсіл, проблемалық және зерттеушілік оқыту, жобалық әдіс, сондай-ақ цифрлық және жасанды интеллект құралдарын (PhET, виртуалды зертханалар, ЖИ-платформалар) әдістемелік тұрғыдан орынды қолдану мүмкіндіктері көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері физикалық есептерді шығару біліктерін жүйелі қалыптастыру оқушылардың ғылыми ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және зерттеушілік мәдениетін дамытудың маңызды шарты екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері физиканы оқыту әдістемесін жетілдіруге, сондай-ақ орта және жоғары білім беру ұйымдарында сараланған оқытуды тиімді жүзеге асыруға практикалық үлес қосады.

Abstract. This article comprehensively examines the theoretical, psychological, and methodological foundations for forming students' skills in solving physics problems. The influence of a system of differentiated tasks, compiled taking into account the individual characteristics, level of training and cognitive abilities of students, on the effectiveness of solving physical problems is also determined. The results of the experiment showed that the systematic use of a system of differentiated tasks increases students' problem-solving skills, logical thinking, interest in the subject and academic success.

The article reveals the scientific and didactic essence of the concept of a “physics problem” and substantiates its cognitive, developmental, educational, and assessment functions within the learning process. A classification of physics problems according to content, objectives, solution methods, and levels of complexity is presented, and their role in developing students' subject-specific competencies is described.

The article substantiates effective ways to improve the problem-solving process, such as the algorithmic approach, problem-based and inquiry-based learning, the project method, as well as the pedagogically sound use of digital and artificial intelligence tools (PhET simulations, virtual laboratories, AI platforms). The research findings confirm that systematic development of physics problem-solving skills is an essential condition for fostering students' scientific thinking, creative abilities, and research culture. The results of the study make a practical contribution to improving the methodology of teaching physics, as well as to the effective implementation of differentiated training in secondary and higher education institutions.

Кілт сөздер: физика, саралап оқыту, есеп шығару, оқыту әдістемесі, танымдық белсенділік, зерттеушілік қабілет, алгоритмдік ойлау, проблемалық оқыту, жобалық әдіс, инновациялық технологиялар, білім беру.

Keywords: physics, differentiated learning, problem solving, teaching methodology, cognitive activity, research skills, algorithmic thinking, problem-based learning, project method, innovative technologies, education.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы ғылыми-техникалық прогрестің үдемелі дамуы мектепте физиканы оқытудың мазмұны мен әдістемесіне жаңа талаптар қояды. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық ойлауын дамыту, теориялық білімін тәжірибеде қолдану қабілетін қалыптастыру — бүгінгі физика сабағының басты мақсаттарының бірі. Осы тұрғыда физикалық есептерді шешу үдерісі ерекше мәнге ие, себебі ол оқушылардың білімін бекітіп қана қоймай, логикалық және зерттеушілік ойлауын дамытады [1].

Мектептегі физика курсына есеп шығару тек теориялық білімнің меңгерілу деңгейін тексеру құралы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін, аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Алайда педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, білім алушылардың едәуір бөлігі физикалық есептерді шешуде қиындықтарға тап болады, бұл олардың дайындық деңгейінің әртүрлілігімен, оқу материалын меңгеру қарқынымен және ойлау ерекшеліктерімен байланысты.

Аталған қиындықтарды еңсерудің тиімді жолдарының бірі — білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге негізделген сараланған оқытуды қолдану. Физиканы оқыту үдерісінде сараланған тапсырмаларды пайдалану есеп шығару біліктерін репродуктивті деңгейден өнімді және шығармашылық деңгейге дейін біртіндеп әрі саналы түрде қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің өзектілігі білім алушылардың білім сапасын арттыруға және практикалық бағыттағы біліктерін дамытуға бағытталған физиканы оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігімен айқындалады. Сараланған оқыту мәселесіне арналған теориялық зерттеулердің болғанына қарамастан, физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру үдерісінде сараланған тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану мәселесі әлі де терең ғылыми-әдістемелік негіздеуді талап етеді. Осыған байланысты аталған зерттеу білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыруда сараланған тапсырмалар жүйесінің педагогикалық мүмкіндіктерін зерделеуге, сондай-ақ сәйкес оқыту әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін эксперименттік тұрғыда тексеруге бағытталған.

Физикалық есептерді шығару біліктерін қалыптастыру оқушылардың пәндік құзыреттілігін арттырумен тікелей байланысты. Бұл бағытта отандық және шетелдік педагог-ғалымдар (А.В. Усова, В.И. Кайданов, И.Т. Тихомиров, С.Қ. Қожахметова және т.б.) еңбектерінде оқу әрекетінің құрылымы мен есеп шығару әдістемесінің теориялық негіздері қарастырылған. Дегенмен заманауи цифрлық орта жағдайында физикалық есептерді шығару дағдыларын қалыптастырудың жаңа технологиялық тәсілдерін қолдану мәселесі толық шешімін тапқан жоқ.

Оқушылардың физикалық есептерді шығару біліктерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау, оны оқу процесінде тиімді қолдану жолдарын анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында теориялық талдау, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерделеу, оқу-әдістемелік құжаттарды салыстырмалы талдау, мектеп тәжірибесін бақылау және әдістемелік жалпылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар есеп шығару біліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін диагностикалық бақылау және талдау тәсілдері пайдаланылды.

Физикалық есептерді шығару біліктерін қалыптастыру теориясы.

Оқушылардың есеп шығару біліктерін қалыптастыру мәселесі педагогикалық психология мен әдістеме ғылымының тоғысында зерттеледі. Бұл процесс оқу әрекетінің барлық құрамдас бөліктерін — мақсат қою, жоспарлау, орындау, бақылау және бағалауды қамтиды.

Оқу білігі — бұл оқушының білімді өз бетімен меңгеруіне, оны тәжірибеде қолдануына және жаңа жағдайларда пайдалануына мүмкіндік беретін интеллектуалдық әрекет тәсілдері.

Психологиялық тұрғыда «білік» ұғымы әрекеттің саналы, мақсатты, жалпыланған тәсілі ретінде қарастырылады (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, П.Я. Гальперин). Ал «дағды» — жаттығу нәтижесінде автоматтандырылған әрекет.

Оқу процесінде білік пен дағды қалыптасуы үш кезеңнен өтеді:

1. Түсіну кезеңі – оқушы есеп шығару іс-әрекетінің мәнін және логикасын ұғынады;
2. Қалыптастыру кезеңі – есеп шығару әрекетін мұғалімнің басшылығымен орындайды;

3. Автоматтандыру кезеңі – есеп шығару тәсілі саналы түрде тұрақталып, дербес орындалатын деңгейге жетеді.

Физикалық есепті шешу — ойлау іс-әрекетінің нақты формасы. Ол өзара байланысқан бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Есептің шартын талдау.
2. Физикалық модель құру.
3. Математикалық өрнекке көшу.
4. Шешімді табу.
5. Нәтижені талдау және тексеру.

Бұл кезеңдердің бірізді орындалуы есеп шығарудың логикасын қалыптастырады және оқушылардың ғылыми ойлау мәдениетін дамытады.

Когнитивтік тұрғыда есеп шығару екі негізгі стратегияға сүйенеді:

Алгоритмдік стратегия — есеп шешудің белгілі және стандартты қадамдары қолданылады;

Эвристикалық стратегия — оқушы жаңа жағдайды интуитивті және шығармашылық тұрғыда шешеді.

Оқыту барысында бұл екі стратегияның үйлесуі маңызды: алдымен оқушыларға типтік есептер арқылы алгоритмдік дағдылар қалыптастырылады, содан кейін эвристикалық, зерттеушілік сипаттағы есептер арқылы шығармашылық ойлау дамытылады.

Есеп шығару әрекетінің кезеңдік қалыптасу теориясы. П.Я. Гальперин ұсынған әрекеттің кезеңдеп қалыптасу теориясы физикалық есептерді оқытуда тиімді қолданылады. Бұл теорияға сәйкес кез келген әрекет үш деңгейде қалыптасады:

1. Бағдарлау кезеңі – есептің шартын талдау және шешім жолдарын болжау;
2. Материалдық (сыртқы) әрекет кезеңі – есепті мұғалімнің басшылығымен орындау;
3. Ішкі (ақыл-ой) әрекет кезеңі – есеп шығару тәсілінің автоматтануы және дербестенуі.

Талдау мен нәтижелер

Физикалық есептерді шығару әдістемесінің қазіргі жағдайы (тәжірибелік талдау). Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда есеп шығару әдістемесі – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың, ғылыми ойлауды дамытудың және практикалық дағдыларды қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде есеп шығару іс-әрекетіне үйретудің деңгейі әркелкі және бірқатар қиындықтармен сипатталады.

Мектеп тәжірибесіндегі жағдайды талдау. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген оқушылар есептің шартын дұрыс түсінгенімен, оның физикалық мағынасын ашуға және шешу жоспарын құруға қиналады. Бұл жағдай бірнеше себептермен түсіндіріледі:

Формализмнің басым болуы, ойлау операцияларының жеткіліксіз дамуы, есептердің мазмұны мен түрлерінің бірсарынды болуы, ақылау жүйесінің шектеулі болуы. Есеп шығаруға арналған бағалау критерийлері көбінесе тек соңғы нәтижені есепке алады, ал шешу процесі мен логикалық негіздемелер ескерілмейді.

Мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижесі бойынша, физикалық есептерді шешуге қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Оның негізгі себебі – есептің тек күрделілік тұрғысынан берілуі және оны өмірлік жағдаяттармен, практикалық қолданыспен байланыстырудың жеткіліксіздігі.

Оқыту тәжірибесін жаңарту қажеттілігі. Қазіргі заман талабына сай физикалық есептерді шешу әдістемесін жаңартудың бірнеше негізгі бағыты айқындалған:

1. Контекстік және практикалық бағыттылық. Есептердің мазмұны өмірмен, техникамен, экологиялық және энергетикалық мәселелермен байланыстырылуы қажет. Мысалы, күн энергиясын пайдалану, жылу үнемдеу, электр тізбектеріндегі қауіпсіздік сияқты тақырыптар оқушылардың қызығушылығын арттырады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Интерактивті симуляторлар, виртуалды зертханалар және жасанды интеллект (ЖИ) құралдары есеп шығару процесін көрнекі әрі түсінікті етеді. Мысалы, PhETсимуляторлары немесе ChatGPT-тәрізді көмекшілер арқылы оқушылар есептің физикалық моделін құрып, әртүрлі параметрлерді өзгертіп, нәтижелерін салыстыра алады [6].

3. Сараланған және жеке тәсіл. Әр оқушының қабілетіне, дайындық деңгейіне сай тапсырмалар жүйесін құрастыру маңызды. Бұл тәсіл дарынды оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

4. Проблемалық және зерттеушілік тәсіл. Проблемалық есептер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Мұндай есептерде бір ғана дұрыс жауап болмай, әртүрлі шешу жолдары қарастырылады.

5. Бағалау жүйесін жетілдіру. Қазіргі білім беруде бағалау тек нәтижеге емес, процесс пен ойлау жолынабағытталуы тиіс. Есеп шығару барысындағы талдау, жоспарлау және өзіндік түсіндіру дағдылары жеке бағалануы қажет.

Жаңа технологиялар мен ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесі. Жасанды интеллект негізіндегі құралдар физика есептерін шығаруға үйретуде жаңа мүмкіндіктер ашады. ChatGPT, Copilot, Google Bard сияқты жүйелер есептің шарты мен шешімін талдап, түсіндірме бере алады. SmartBook және LearningApps сияқты платформалар оқушыларға интерактивті есептер ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай құралдар оқушылардың өз бетімен іздену қабілетін арттырып, білімді жекелендіруге жағдай жасайды. Дегенмен, ЖИ қолдану барысында мұғалімнің жетекші рөлі сақталуы тиіс. ЖИ тек көмекші құрал болып, оқушыны автоматтанған шешімге үйретпей, ойлануға, талдауға және негіздеугебағыттауы қажет [7],[8].

Физикалық есептерді шешу процесінің алгоритмдік моделі. Физикалық есептерді шығару – жүйелі және логикалық ойлауды талап ететін әрекет. Сондықтан бұл үдерісті алгоритмдік тұрғыдан қарастыру оқыту тиімділігін арттырады. Алгоритмдік тәсіл оқушыларға есепті шешу жолын кезең-кезеңмен жоспарлауға, жүйелі ойлауға және өз әрекетін бақылауға үйретеді.

Алгоритм – белгілі бір мақсатқа жету үшін орындалатын іс-әрекеттердің нақты тізбегі. Физикалық есеп шығару процесінде алгоритм есептің құрылымын, ретін және логикасын анықтауға көмектеседі. Мұғалім мен оқушы үшін алгоритм оқу әрекетін біріздендіріп, қиындықты азайтады және нәтижеге жетуді жеңілдетеді.

Алгоритмдеу мен бағдарламалау элементтерін қолдану. Қазіргі уақытта физиканы оқытуда алгоритмдеу мен бағдарламалау элементтерін қолдану ерекше өзектілікке ие. Мысалы, Arduino, Python немесе GeoGebra бағдарламалары арқылы физикалық процестерді модельдеу және есептеу жүргізуге болады. Мұндай тәсілдер оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытып, ғылыми зерттеу әдістеріне қызығушылығын арттырады.

Мысалы, қозғалыс теңдеуі бойынша есеп шығару алгоритмі:

1. Берілгендерді анықтау: (s, t, v_0, a) .

2. Қажетті шаманы табу: $(s = v_0t + \frac{1}{2}at^2)$.

3. Белгісіз шаманы формуладан шығару.

4. Берілген мәндерді қою және есептеу.

5. Нәтижені талдау: физикалық мағына мен өлшем бірлігіне сәйкестігін тексеру.

Осылайша, алгоритмдік тәсіл физика есептерін шығару әдістемесін жетілдірудің тиімді жолы болып табылады. Ол оқушыларды жүйелі ойлауға, дәлдікке және дербес шешім қабылдауға үйретеді.

Физика есептерін шығаруда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, өз бетімен ойлай білетін, ғылыми тұрғыдан негізделген шешім қабылдай алатын тұлға қалыптастыру.

Шығармашылық қабілет ұғымы және оның физикалық есептермен байланысы. Шығармашылық қабілет – бұл жаңа идеялар табуға, белгілі білім мен тәжірибені жаңа жағдайда қолдануға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиет.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда мұғалімнің жетекшілік рөлі ерекше. Ол оқушыға дайын шешімді бермей, ізденіс ортасын ұйымдастырушы, бағыт беруші және ынталандырушы қызметін атқарады. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті, сұрақ қою техникасы және кері байланыс сапасы шығармашылық ойлаудың дамуына тікелей әсер етеді.

Зерттеу нәтижесінде сараланған тапсырмалар жүйесінің әдістемесі жасалды.

Сараланған тапсырмалар жүйесі білім алушылардың дайындық деңгейін, танымдық мүмкіндіктерін және оқу қарқынын ескере отырып физикалық есептерді шешу біліктерін кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған. Жүйе деңгейлік, мазмұндық және процессуалдық саралау қағидаттарына негізделеді.

1.1 Сараланған тапсырмалар жүйесін құру қағидаттары

• Қолжетімділік қағидаты – тапсырмалардың білім алушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы;

- Жүйелілік пен бірізділік – тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай құрылуы;
- Белсенділік және дербестік – білім алушылардың өз бетінше ойлауына жағдай жасау;
- Нәтижеге бағдарлану – есеп шығару біліктерінің нақты қалыптасуын қамтамасыз ету.

1.2 Сараланған тапсырмалардың деңгейлері

I деңгей – репродуктивті (базалық)

Мақсаты – негізгі формулалар мен алгоритмдерді меңгерту.

Мазмұны:

- бір формуламен шығарылатын есептер;
- дайын сызбасы немесе шешу үлгісі бар тапсырмалар;
- физикалық шамаларды табуға бағытталған қарапайым есептер.

Нәтижесі: есептің шартын түсіну, формуланы дұрыс таңдау.

II деңгей – алгоритмдік (орта)

Мақсаты – бірнеше амалдарды қолдана отырып есеп шығару.

Мазмұны:

- бірнеше заңды қатар қолдануды талап ететін есептер;
- шартты өз бетінше талдауды қажет ететін тапсырмалар;
- сызба немесе графикті өздігінен құрастыру.

Нәтижесі: логикалық ойлау мен есептеу дағдыларының дамуы.

III деңгей – эвристикалық (жоғары)

Мақсаты – білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

Мазмұны:

- стандартты емес, өмірмен байланысты есептер;
- бірнеше шешу жолы бар тапсырмалар;
- эксперименттік және сапалық есептер.

Нәтижесі: физикалық заңдарды еркін қолдану, сыни ойлау.

2. Физикалық есептерді шығару әдістемесі

Физикалық есептерді шығару әдістемесі сараланған тапсырмалар жүйесімен өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады және білім алушылардың есеп шығару әрекетін біртіндеп қалыптастыруға бағытталған.

2.2 Сараланған тәсілдерді қолдану ерекшеліктері

- төмен деңгейлі білім алушыларға алгоритмдік нұсқаулар мен тірек сызбалар ұсынылады;
- орта деңгейде жартылай бағытталған тапсырмалар қолданылады;
- жоғары деңгейде дербес және зерттеушілік есептер беріледі.

Қорытынды

Сараланған тапсырмаларды жүйелі және мақсатты қолдану білім алушылардың есеп шығару дағдыларын біртіндеп дамытуға, теориялық білімді саналы түрде қолдануына, логикалық ойлауын және танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Әсіресе деңгейлік тапсырмалар арқылы білім алушылардың репродуктивті әрекеттен өнімді және шығармашылық деңгейге көшуі қамтамасыз етілетіні көрсетілді.

Сараланған тапсырмалар жүйесі мен физикалық есептерді шығару әдістемесі білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттыруға оң әсер етті. Сонымен қатар бұл әдістеме білім алушылардың өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға және оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтарды азайтуға жағдай жасайды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Есеп шығару біліктерін қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негізі— оқушылардың танымдық әрекетінің кезеңдік дамуына, логикалық ойлау операцияларын жетілдіруге және теориялық білімді тәжірибеде қолдануға бағытталған күрделі процесс болып табылады.

2. Физикалық есептерді шешудің құрылымдық кезеңдері (шартты талдау, модель құру, жоспарлау, есептеу және нәтижені бағалау) оқушылардың ойлау әрекетін жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңдердің әрқайсысы оқу біліктері мен дағдыларының қалыптасуына, ғылыми дүниетанымның дамуына әсер етеді.

3. Қазіргі мектеп тәжірибесінде есеп шығару әдістемесінде формализм мен шаблондық тәсілдің басымдығы байқалады. Мұндай жағдайда оқушылардың танымдық белсенділігі төмендеп, физикалық құбылыстардың мәнін түсіну әлсірейді. Сондықтан оқыту процесіне проблемалық, зерттеушілік және жобалық тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындайды.

4. Алгоритмдік тәсіл физикалық есептерді шешудің тиімді моделі ретінде ұсынылады. Ол оқушылардың ойлау іс-әрекетін жүйелейді, өздігінен шешім қабылдау мен өзіндік бақылау қабілетін арттырады. Алгоритм арқылы оқушылар есепті құрылымдап, шешімнің логикалық жолын саналы түрде түсінеді.

5. Шығармашылық қабілетті дамыту – физика пәнін оқытудың басты бағытының бірі. Проблемалық және зерттеушілік есептер, тәжірибелік жобалар мен инновациялық тапсырмалар оқушылардың ойлау дербестігін арттырып, жаңа идеялар ұсынуға мүмкіндік береді.

6. Жаңа технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (мысалы, ChatGPT, PhET, GeoGebra, SmartBook) қолдану есеп шығару процесін жандандырып, оқушының дербес жұмысын қолдайды. Мұндай тәсілдер цифрлық сауаттылықты дамытып, білімді жекелендіруге жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, сараланған тапсырмалар жүйесін физиканы оқыту үдерісіне енгізу білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін тиімді қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Зерттеу нәтижелері орта білім беру ұйымдарында физиканы оқыту тәжірибесінде қолдануға, сондай-ақ болашақта осы бағыттағы әдістемелік зерттеулерді тереңдетуге негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен бекітілген) [Электрондық ресурс]. – Астана, 2012. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>

2. Тоқаев Қ. Ж. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу. Қазақстан халқына Жолдау [Мәтін]. – Ақорда,

Астана, 2025. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlыk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>

3. Сардарова Ж. И., Кисметова Г. Н., Турежанова Г. А., Саркулова Д. С. Формирование готовности будущих педагогов к использованию цифровых образовательных ресурсов в условиях цифровизации образования // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 70, № 1. – С. 47–57. – URL: <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04>

4. PhET Interactive Simulations [Электрондық ресурс]. – University of Colorado Boulder, 2023. – URL: <https://phet.colorado.edu>

5. Драмарецкий Д. П. Применение набора ARDUINO для моделирования и изучения физических процессов // Молодой ученый. – 2022. – № 26 (421). – С. 236–238. – URL: <https://moluch.ru/archive/421/93659>

6. Munaye Y. Y., Admass W., Belayneh Y., Molla A., Asmare M. ChatGPT in Education: A Systematic Review on Opportunities, Challenges, and Future Directions // Algorithms. – 2025. – Vol. 18, № 6. – Article 352. – URL: <https://www.mdpi.com/1999-4893/18/6/352>

7. Мубаракوف А. М., Маймурунова Қ. А. Функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллектінің мүмкіндіктері [Электрондық ресурс]. – 2025. – URL: https://www.researchgate.net/publication/397447467_FUNKCIONALDYK_SAUATTYLYKTY_DAMY_UTA_ZASANDY_INTELLEKTINI_MMKINDIKTERI

8. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO). AI and Education: Guidance for Policymakers [Electronic resource]. – Paris: UNESCO, 2021. – 146 p. – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000376709>

ӘОЖ 378.021.018

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘСТҮРДІҢ ӘСЕРІ

Айкинбаева Гүлден Қанатовна

П.ғ.к, психология кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ
gulden_1975@mail.ru

Таукибаева Шынар Жылқыбаевна

Т.ғ.к., ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
«Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің бас сарапшысы

Жылқыбаев Кенжебек Дүйсенбаевич

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Шериязданов Бауыржан Рахимғалиевич

С.ғ.к, Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері,
Астана, Қазақстан

Аннотация. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер – жеке тұлғаның рухани қалыптасуының негізгі тірегі әрі ұлт болмысының өзегі болып табылады. Мақалада жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау, тіл мен мәдениетті құрметтеу, салт-дәстүрлерді ұрпақ бойына сіңірудің маңыздылығы қарастырылады. Қазақ халқының рухани мұрасы, соның ішінде ғұламалардың ой-пікірлері арқылы адамгершілік, ар-ождан, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру мәселесі талданады. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің білім беру жүйесіндегі рөлі айқындалып, оларды жаңғырту – болашақ ұрпақты тәрбиелеудің басты шарты екені тұжырымдалады.

Annotation. National values and traditions are the spiritual foundation of personal development and the core of national identity. The article examines the importance of preserving national identity, language, culture, and traditions in the era of globalization. It analyzes how the spiritual heritage of the Kazakh people and the ideas of prominent thinkers contribute to fostering morality, conscience, and patriotism in the younger generation. The role of national values and traditions in the education system is emphasized, highlighting their importance in shaping a spiritually rich and socially responsible individual.

Түйін сөздер: жеке тұлға, ұлт, ұлттық құндылық, дәстүр, ұлт болашағы

Keywords: individual, nation, national values, tradition, future of the nation